

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 16 сәуірдегі кеңесте Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003 - 2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру мәселелері бойынша берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 26 мамырдағы N 139-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003 - 2015 жылдарға арналған стратегиясын одан әрі іске асыру және Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 16 сәуірдегі кеңесте берген тапсырмаларын орындау мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 16 сәуірдегі кеңесте Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003 - 2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру мәселелері бойынша берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдары:

1) Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Жоспардың орындалуы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалуы туралы жиынтық ақпарат берсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2008 жылғы 26 мамырдағы
N 139-ө өкімімен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы
16 сәуірдегі кеңесте Қазақстан Республикасының
Индустриялық-инновациялық дамуының 2003 - 2015 жылдарға
арналған стратегиясын іске асыру мәселелері бойынша берген
тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

Р/с N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімі	
----------	---------	-------------------	--------------------	--

				Орындалуына жауаптылар
1	2	3	4	5
"Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы" және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру бағдарламасын				
1	"Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы" бағдарламасы шеңберінде Экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның қарауына келіп түскен жобалардың тізіміне талдау жүргізу және өзекті ету	Экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның шешімі	2008 жылғы 5 шілде	ЭБЖМ (жинақтау), ИСМ, "Қазына" АҚ, мүдделі мемлекеттік органдар
2	Инвестициялық серпінді жобалардың іске асырылу мониторингі жүйесін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	2008 жылғы 15 маусым	Э Б Ж М (жинақтау), ИСМ, АБА, мүдделі мемлекеттік органдар, ұлттық холдингтер мен компаниялар
3	"Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы" бағдарламасының шеңберінде шикізат емес сектордың отандық орта компанияларының өсуін жүйелік қолдау жөнінде шаралар әзірлеу	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі	2008 жылғы 5 шілде	Э Б Ж М (жинақтау), ИСМ, мүдделі мемлекеттік органдар, ӘКК
4	Экономиканың неғұрлым перспективалы салаларында жеке меншік бизнесті, ұлттық компаниялар мен холдингтерді тарта отырып, "жол карталары" түріндегі даму жоспарларын әзірлеу және іске асыру	ИСМ, АШМ, ТСМ, ЭМРМ бұйрықтары	2008 жылғы 5 шілде	ИСМ, АШМ, ТСМ, ЭМРМ
5	Іске асыруға жоспарланып отырған	Қазақстан Республика-	Тоқсан сайын соңғы	С І М (жинақтау),

	инфрақұрылымдық жобаларды таныстыру бойынша шетелде белсенді ақпараттық жұмыс жүргізу	с ы н ы ң Үкіметіне есеп	айдың 15-күніне дейін	ЭМРМ, ККМ, "Самұрық" АҚ
6	Инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға инвестициялық компанияларды тарту жөніндегі шараларды көздейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу	Нормативтік құқықтық актілердің жобалары	2008 жылғы 15 шілде	Э Б Ж М (жинақтау), ЭМРМ, ККМ, "Самұрық" АҚ, м ү д д е л і мемлекеттік органдар
7	Табиғи монополиялар салаларының инвестициялық тартымдылығын ескере отырып, орта мерзімді кезеңге арналған тариф түзу жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру	Қазақстан Республика- с ы н ы ң Үкіметіне ақпарат	2008 жылғы 15 тамыз	Т М Р А (жинақтау), ЭМРМ, ККМ, "Самұрық" АҚ
Кластерлік бастаманы дамыту				
8	Неғұрлым перспективалы кластерлердің тізбесін қалыптастыру және оларды дамытудың іс-шаралар жоспарларын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі	2008 жылғы 15 қыркүйек	ИСМ (жинақтау), ЭБЖМ, АШМ, ККМ, ЭМРМ, ТСМ, "Самұрық" АҚ, "Қазына" АҚ, "ҚазАгро" АҚ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, ӘКК
Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды дамыту				
9	Республикалық бюджет комиссиясының отырысында 2008 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағы инфрақұрылымының құрылысын аяқтауға қосымша қаражат бөлу туралы мәселені қарау	Республикалық бюджет комиссиясының шешімі	2008 жылғы 30 мамыр	И С М (жинақтау), ЭБЖМ, Оңтүстік-Қазақстан облысының әкімдігі

10	Республикалық бюджет комиссияның отырысында "Алатау" ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағы инфрақұрылымының құрылысын қаржыландыру мәселелерін қарау	Республикалық бюджет комиссиясының шешімі	2008 жылғы 30 мамыр	И С М (жинақтау), Э Б Ж М, "Самғау" АҚ
11	"Алатау" ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының құрылысына бөлінген жер учаскелерінің алын-уын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	2008 жылғы 15 қазан	А л м а т ы облысының әкімдігі, ИСМ, ЖРА
12	Бюджеттік қаржыландыруды шоғырландыру қажеттілігін ескере отырып, қазіргі және құрылып жатқан арнайы экономикалық аймақтарды оңтайландыру жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	2008 жылғы 15 шілде	И С М (жинақтау), Э Б Ж М, Қаржымині
13	Қарағанды облысы мен Астана қаласындағы индустриялық аймақтар жұмысының проблемалық мәселелерін анықтау және оларды шешу жөніндегі Іс-шаралар жоспарын әзірлеу	ИСМ және Қарағанды облысы мен Астана қаласы әкімдіктерінің бірлескен бұйрығы	2008 жылғы 15 шілде	И С М (жинақтау), Қарағанды облысы мен Астана қаласының әкімдіктері

Өндіріс факторларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі шаралар

14	Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға талдау жүргізу және ғылым мен өндіріс интеграциясы, ғылымда кадр саясатын қалыптастыру және жас ғалымдардың келуін ынталандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы	2008 жылғы 15 қазан	Б Ғ М (жинақтау), "Самғау" АҚ, мүдделі мемлекеттік органдар
15	"Алатау" ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық	Нормативтік құқықтық	2008 жылғы 15 маусым	А Б А (жинақтау), БҒМ, ИСМ,

	аймағында Халықаралық "IT-Университетін" құру тұжырымдамасы- ның жобасын әзірлеу	актінің жобасы		"Қазына" АҚ, ЭБЖМ, "Самғау" АҚ
16	Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын қабылдау	Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы	2008 жылғы 5 шілде	БҒМ
17	Ұлттық қауіпсіздік мүдделерін ескере отырып, біліктілігі жоғары шетелдік жұмыс күшін тартуға бағытталған көші-қон саясатын жетілдіру жөніндегі барынша тиімді және қазіргі жағдайға бейімделген тетіктер әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	2008 жылғы 15 шілде	Еңбекмині (жинақтау), ИСМ, ІІМ, ЭМРМ, АШМ, КҚМ

Мемлекеттік сатып алу көлемінде қазақстандық өндірушілердің үлесін ұлғайту жөніндегі шаралар

18	"Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" АҚ және холдингке кіретін барлық еншілес және тәуелді ұйымдардың жалпы сатып алу көлемінде қазақстандық өндірушілер үлесінің серпіні туралы талдамалық анықтама дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2008 жылғы мамыр	Э Б Ж М (жинақтау), "Самұрық" АҚ
19	Мемлекет қатысатын ұлттық холдингтердің, компаниялар мен ұйымдардың жалпы сатып алу көлемінде қазақстандық өндірушілердің үлесін ұлғайту жөнінде, оның ішінде отандық өндірушілер үшін шартты баға мен сатып алуларды орта мерзімді жоспарлауды қолданып, жүйелі	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2008 жылғы 15 шілде	Э Б Ж М (жинақтау), Қаржымині, ЭМРМ, ИСМ, "Самұрық" АҚ, "Қазына" АҚ,

	шаралар әзірлеу және қолдану			"ҚазАгро" АҚ, "Самғау" АҚ
20	Компаниялар бөлінісінде ақпарат бере отырып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыру кезінде жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық қатысу туралы заңнаманы бұлжытпай орындауы жөнінде жүйелі шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Токсан сайын соңғы айдың 15-күніне дейін	И С М (жинақтау), Э М Р М , Қаржымині
Мемлекеттік холдингтерді, даму институттарын және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту				
21	Акцентті пайдалылық критерийінен мақсатты міндеттерге (сервистік миссия) ауыстыру мақсатында даму институттарының қызметін бюджеттік қаржыландырудың жаңа тәсілдерін әзірлеу және оларды дамыту стратегияларына түзетулер жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	2008 жылғы 15 маусым	Э Б Ж М (жинақтау), И С М, А Ш М, Б Ф М, "Қазына" АҚ, "Самұрық" АҚ, "ҚазАгро" АҚ, "Самғау" АҚ
22	"Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" АҚ, "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ, "ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ, "Самғау" ұлттық ғылыми технологиялық холдингі" АҚ қызметінің тиімділігін, ашықтығын және бағалау өлшемдерін қамтамасыз ететін тетіктер әзірлеу жөнінде іс-шаралар жоспарын әзірлеу	ИСМ бұйрығы	2008 жылғы 15 тамыз	И С М (жинақтау), Э Б Ж М , Қаржымині, ЭМРМ, А Ш М, Әділетмині
23	Мемлекеттік холдингтер мен әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың өтінімдерді жинау және	Қазақстан Республикасының	2008 жылғы 15 маусым	И С М (жинақтау), ЭБЖМ, А Ш М, Б Ф М , мемлекеттік

	бағалау тәртібін, қолдау құралдарының тізбесін, бірлесіп әрекет ету нысанда- рын, кәсіпкерлердің өтініш беру тәртібін көздейтін жеке меншік сектор бастамаларын қаржылық қолдау тетіктерін әзірлеу және бекіту	Үкіметіне есеп		холдингтер, ӘКК
24	"Экспортты дамыту және жылжыту корпорациясы" АҚ даму жоспарын қабылдау және қаржыландыру көздерін анықтау	Қазақстан Республика- сының Үкіметіне есеп	2008 жылғы 15 шілде	И С М (жинақтау), Э Б Ж М, "Қазына" АҚ
25	"Қазақстан Даму банкі" АҚ-ны 1 млрд. АҚШ долларына дейін капитализациялау жөнінде шаралар қабылдау	Қазақстан Республика- сының Үкіметіне ақпарат	2008 жылғы 15 шілде	ИСМ, ЭБЖМ, "Қазына" АҚ
26	Өңдеу өнеркәсібі мен инфрақұрылымның басым салаларын қол жетімді жағдайларда дамыту үшін "Қазақстан Даму банкі" АҚ-ға бюджеттік кредит бөлу жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республика- сының Үкіметіне ұсыныстар	2008 жылғы 15 шілде	ИСМ, ЭБЖМ, Қаржымині, "Қазына" АҚ
Тікелей шетелдік инвестициялар тарту				
27	Шет мемлекеттермен бірлескен қорлар әзірлеуді және құруды көздейтін іс-шаралар жоспарын әзірлеу	ИСМ бұйрығы	2008 жылғы 15 шілде	И С М, "Қазына" АҚ
28	Оңтүстік Шығыс Азия және Таяу Шығыс ел- дерінен инвестиция- лар тарту жөнінде іс-шаралар жоспарын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Премьер- Министрінің өкімі	2008 жылғы 15 қазан	И С М (жинақтау), Қаржымині, СІМ, ЭБЖМ, АШМ, БҒМ, "Қазына" АҚ, "Самұрық", "ҚазАгро" АҚ

29	Исламдық қаржыландыру құралдарын дамыту үшін қолда бар шектеулерді жою	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	2008 жылғы 15 тамыз	Қ Қ А (жинақтау), Э Б Ж М, Қаржымині, И С М, Ұ Б, Әділетмині
Қазақстан Республикасының 2003 - 2015 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық дамуының іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру стратегиясын				
30	Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы өкімнің жобасын енгізу	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі	2008 жылғы мамыр	И С М (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар

Ескертпе: аббревиатуралар мен қысқартылған сөздердің толық жазылуы:

- АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
- Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
- БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
- ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
- Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
- ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
- ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
- Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
- Қоршағанортмині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
- МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
- ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
- СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер

ИМ	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
ЭБЖМ	- Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
ЭМРМ	- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
ҚҚА	- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі
ТМРА	- Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі
БҚА	- Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі
АБА	- Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
ЖРА	- Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі
"Қазына" АҚ	- "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы
"Самұрық" АҚ	- "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамы
"ҚазАгро" АҚ	- "ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамы
"Самғау" АҚ	- "Самғау" ұлттық ғылыми технологиялық холдингі" акционерлік қоғамы
ӘКК	- элеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар
АЭА	- арнайы экономикалық аймақ